

"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 25 қыркүйектегі N 268-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған»"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі:

1) тізбеге сәйкес орталық атқарушы органдармен бірлесіп, тиісті нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы»25 қыркүйектегі
N 268 - ө өкімімен

бекітілген

"Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысына толықты-	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	И С М (жинақтау), ДСМ, БҒМ	

рулар
енгізу
туралы

2007

				жылғы қыркүйек
2	Ойыншықтардың қауіпсіздігі жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелермен нормаларды, гигиеналық нормативтерді бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы	ДСМ (жинақтау), ИСМ	2007 жылғы қыркүйек
3	Ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық сараптамасын жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы	БҒМ (жинақтау), ИСМ	2007 жылғы қыркүйек
4	Сәйкестік белгісінің кескінін, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2007 жылғы қыркүйек

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі